

құрайтын әскери жаттығулар өтетін болған [14]. Көне түркілердің жауынгерлік кодексі әскери жаттығу, бұйрыққа бағыну, әмірге мойынсұну, жылдам шешім қабылдау, көрсетілген нысананы дәлдеп ату сияқты ережелерді бетке ұстаған. Тарихи деректерде ең алғашқы әскери жаттығу б.з.б 209 жылында Мөденің қол басшылығында жасалған. Осы жатықтырулар қысқа уақытта жемісін беріп, көне түркілер Еуразия кеңістігінде мықты империя құрады. Қытай деректерінде Орталық Азия бойынша 26 мемлекеттік бірлестік Мөденің қол астына кіріп, Ұлы Ғұн императорлығы пайда болған. Мөденің әскери тәртіп тактикасы бүгінге дейін қытай деректерінде жазулы.

1. Нұрсұлтан Назарбаев. *Тарих толқынында*. Алматы.: Атамұра, 1999. 92 б.
2. W.Eberhard, :*Çin Tarihi, Ankara 1987, s. 23 vd.*
3. Ögel, *İslamiyetten Önce Türk Kültür Tarihi, Ankara 1984, s.21-43*
4. Ahmet Taşağıl “*İslam öncesi Devirde Türk Ordusu/ Türkler ve Askerlik/ İstanbul 2009 s.35*

5. R.Şeşen, *İbn Fazlan Seyahatnamesi, İstanbul 1995, s.34.*
6. Kafesoğlu, s.272
7. *Divanu Lugat'it-Türk, I, s.426,434, III,8; Koca, s.92.*
8. *Shun Chi 110, s.319, a,b,c,d; De Groot, Die Hunnen der Vorchristichen, I, Berlin-Leipzig, s.389*
9. *Divanu Lugat'it-Türk, I, 369, III, s.217.*
10. Koca, s.93
11. Kafesoğlu, s.272
12. B.Ögel, *Türk Kılıcının Menş ve Tekamülü, DTCF, VI,5, 1948, s.431-460*
13. Ögel, *aym yer.*
14. Koca, s.94

Боевое искусство у тюрков имело свою культурно-антропологическую основу, философию, глубокую духовность, основанную на древнетюркском мировоззрении и традициях. Авторы в статье описывают тактику и стиль, боевой менталитет древних тюрков.

Military art of Turks had its own cultural-anthropological basis, philosophy, deep spirituality based on the ancient world perception and traditions of Turks. Authors describes in the article tactics and style and military mentality of the ancient Turks.

Д.Т. Белгібаев

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Көптеген зерттеушілердің ойынша адамзаттың ақпараттық қоғам кезеңіне өтуі адамзат тарихындағы ең ұлы бетбұрыстардың бірі болды дейді. «Ақпараттық қоғам» концепциясы әр зерттеушілер көзқарасы бойынша әртүрлі нұсқада болды. Атап айтсақ осы «ақпараттық қоғам» түсінігін зерттеген белгілі ғалымдар Р.Айрис, Д.Белл, У.Дайзард, М.Кастельс, Дж. Мартин, Э.Тоффлер т.б ғалымдар түрлі нұсқаларын ұсынды.

Қазіргі таңда коммуникациялық ақпарат ауқымы ғана кең емес, өзінің көлемі, бағыты, мазмұны жағынан да жан-жақты дамыған. Былай дамуы ақпарат көбейгенінен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі салалар пайда болуынан қарым-қатынас табиғаты өзгеруі арқылы жан - жақты дамыған. Бүгінде тұлғааралық байланыс техникамен яғни телевидение, интернетпен байланысты, ал ақпараттық ағым бүкіләлемде адам қайда тұрғанына қарамай байланыстыра алады. Осы жерде мәдениет ақпараттық қор ретінде тұр, яғни қоғам қолданар бар ақпараттық ағым мәдениеттің дамуымен байланысты. Бұқаралық үрдістер мәдениет түрімен анықталады, ал коммуникация мәдениет дамуын

бейімдеп, бағыттап отырады. Коммуникация деген сөз латын тілінен аударғанда (лат. «communicare»-біреумен кеңесу) байланыс дегенді білдіреді. Ол «ортақ етемін, байланыстырамын, сөйлесіп-пікірлесемін, қарым-қатынас жолы, бір орынның екінші жақпен байланысы; сөйлесу, ақпарат беру» дегенді білдіреді [3].

Әр мәдени кезеңде өзіне тән бұқаралық жүйе түрі болады. Бүгінде жаңа ақпараттық технология дамуы әлемдік қауымдастықтың өмірлік факторын анықтап береді. Желілік және сандық интеграцияға негізделген бұқаралық жүйесі қазіргі мәдениеттің барлық ауқымына таралып ақпараттық алмасуды қызықты да сапалы ете алады. Бірақ осы үрдістің барлығы қоршаған әлем құрылымын неғұрлым қиында-тып адамзат аралық қатынасты «виртуальды шынайылыққа» сай қалыптастырады. Көптеген елдер өз мәдениетінің базалық негізін жаңашаланған технологиямен біріктіре білді. Атап айтсақ, олар Азия жеріндегі жаңа индустриалды елдер атап айтсақ Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань, Малайзия т.б елдер.

Қоғамның әлеуметтік дамуына, адамзат

қоғамына ақпараттық үрдістің үлкен маңызды әсері бар және оған күдіктің де болмауы заңды. Мысалға ауызекілік ақпаратта қоғамды дамытушы рөлін тіл, ақшаның түрлері, әрекет (менталитет) атқарады. Осы жағдайдың барлығында алгоритм кодына тоқталғанымыз жөн, яғни дыбыс (немесе символ) және құрал (немесе әрекет) байланысын айтып өткеніміз жөн [3].

Ақпараттану идеологиясы бүкіл әлемді компьютерлік желінің торына айналдырған ақпараттық технологиялардың күрделене әрі жедел дамуының арқасында ақпараттық мәдениет феноменін дүниеге әкелді. Қазіргі заман мәдениетін басқашалай ақпараттық мәдениет деп те атайды. Өйткені қазірде ақпарат қоғам өмірінің маңызды элементі болып, адам өмірінің барлық саласына әсер етіп отыр.

Бүгінде келесі өркениеттік даму технологиялық бағытта болары сөзсіз. «Ақпараттық қоғам» түсінігі ХІХ ғасырдың 60-жылдары Жапон, АҚШ елдерінде бір мезетте пайда болады және бұл түсініктің мақсаты адамзат дамуына білімнің әсерін зерттеу болатын. Қазірде қоғам мен оның дамуын жан жақты көрсетіп берер өндіріс емес білім дамуы және соған негізделген технология.

ХХ ғасырдың 80-ші жылдары Жапон елінің белгілі әлеуметтанушысы Й.Масуда өзінің «Ақпараттық қоғам постиндустриалды қоғам ретінде» атты еңбегінде қоғамның жаңа түрінің пайда болғанын, яғни тұлға дамуының барлық түрлері атап айтсақ білім, кәсіби өсуі, эканомикалық дамуы, саяси белсенділігінің қолдануы т.б қасиеттері ақпараттық ортада қалыптасады деп айтып өтеді. Ақпараттық қоғамды саралай келе Й.Масуда ақпаратты бір жағынан эканомикалық деңгей деп қарастырса, екінші жағынан әлеуметтік мәдени өмір саласының ауқымды дамуын қалыптастырушы қоғамдық пайда деп бағалайды.

Көптеген тарихшы, философтардың ойынша ерте кезден бастап адамзат руханилықты, мәдени руханилықты дамытуды негізге алса, яғни басқалай айтсақ әлемдік руханилықты тануға біте қайнасып кетсе (дәл осындай сарында көне діндерінің негізгі идеологиясы болған) онда әлем қазіргідей экологиялық апаттарды, техникалық өркениет кесірінен болар зияндарды білмес еді. Бірақ еуропалық адам басқа жолды таңдады. Оларға әлемді тану қажеттігі басым болып тұрды. Осының кесірінен еуропалық мәдениет О.Шпенглер ойынша «фаустық» бейнеде болып қалды. Ерте кезден адам өз күшін көрсетуде қолына құрал алып өзін жоғалтып алды [1].

Ақпараттық қоғам – бұл ақпараты және деңгейі арқылы қоғамдағы эканомикалық

дамуымен әлеуметтік мәдениетті өзгеріске енгізер социум. Ақпараттық қоғам ол өмірдің барлық жақтарын қамтиды. Мысалға техника саласында ақпараттық технология арқылы өндірістік, эканомикалық, іскери өмірге, білім жүйесіне өзгеріс енгізеді, эканомикалық салада ақпарат тауарға айналады, әлеуметте адам өмірлік сапасын өзгертер негізгі фактор болса, саяси салада қажетті ақпаратқа еркін қолжету, өз ойын еркін алмастыру. Ал мәдени салада ақпаратты қолдану арқылы қажетті құндылықты өзгерту және жаңа қоғам қажетіне бейімдеу болып табылады.

Ақпараттық қоғамда жанұяның жаңа түрі, жұмыс стилі, жаңа саяси формалар, эканомика және таным түрлері пайда болды. Әлем қолданыстағы машина болуын қойып танымдық қажеттілікті үнемі дамытушы жаңа көзқарастарға толды. Үшінші толқынның символы ретінде жалпылық, тұлғалық анықтық және адами технология танылды. Мұндай қоғамдағы негізгі рөлді ғылым, білім және қызмет көрсете алды.

Белгілі ғалым Д.Белл адамзат тарихын үш кезеңге бөледі атап айтсақ индустриалдыққа қоғамға дейінгі кезең, индустриалды кезең және ақпараттық қоғам. Сонымен қатар әр кезеңнің өзіне тән ойындары болды, атап айтсақ индустриалды қоғам кезеңіне дейінгі өмірде адам мен табиғат арасында ойын болды яғни адам өз қажеттігін негізінен жерден, судан, орман т.б табиғи заттардан алып отырды, ал индустриалды қоғамда адам мен жасанды орта арасындағы ойын болды, яғни адам өз қажеттілігін тауар өндіруші машиналардан алды. Ал ақпараттық қоғамда ойын адам мен адам арасында, яғни (мысалға дәрігермен емделуші, оқытушы мен оқушы т.б арасында) болды. Осыдан келе табиғат адам қажеттілігінен де күнделікті өмірінен де бірте-бірте ығыстырылды. Адамдар бір бірі арқылы өмір сүруге бейімделуде. Бұл қоғам тарихында Белл ойынша жаңаша өмір сүру түрі.

Компьютерлік төңкеріс – өндірісте ғылым мен техниканы көлемді қолдану арқылы адамзат дамуындағы өзгеріс пен өндірісті арттыру күші. Бүгінде әлем үлкен технологиялық өзгеріс кезеңінде тұр. Бүгінде адам өміріндегі жағдайды толыққанды өзгертер бұқаралық байланыс жаңа өркениетті тудырды.

Ақпарат арқылы әлемде жаһандық бәсекелестік дәуірі туып келе жатыр. Бұл дегеніміз этникааралық және геосаяси қақтығыстардың жаңа түрі. Ақпарат әлеуметтік фактор ретінде бүкіл әлемнің үшінші толқынға өтуін теңестіре алмайды. Әлемде бай күшті елдер мен әлсіз елдер арасында үлкен деңгейдегі теңсіздік орнайды.

XX ғасырдың 70-жылдары соңында Э.Фромм ақпараттық патшалықтың құрылу мүмкіншілігін айтқан. Ақпараттың өзі ақпараттық қысым мен зорлықтың құралы болады деп ойлаған. Ақпараттық құралдармен қаруланған жаңа саяси технологиялар адам ойын қалыптастырып, қоғам танымын басқара алған. Ақпараттық технология мүмкіншілігі арқылы барлық қоғамдық өмірді түбегейлі өзгертуге мүмкіншілік болған.

Адам ақпараттық кеңістікте өмір сүре алама? Қазірде бұл сұрақ жауабына яғни адам психикасына жаңа технологиялардың оңтайлы әсері бар деген сарында нақты зерттеулер көзқарастар жоқ, керісінше көптеген зерттеушілер көрсетуі бойынша компьютерлендіру адам табиғатына сіңісіп, адами сананы өзгертеді. Эмоционалды әлемнен бейхабар адамдар пайда болады. Бұларға баға берер болсақ олар компьютеризация кезеңінің балалары.

Соңғы жылдары ақпараттық қоғамға қатысты көптеген зерттеулер пайда болды, соның біріне тоқтала кетер болсақ, «ақпараттық қоғам адами табиғатты бұзып оның даралық жалпылығын шектеп адамды бұза алады» дегенге саяды [2].

Адамзат қоғамына ақпараттық түсінігі пайда болғаннан бері көптеген өзіне тән терминдері ұғымдары пайда болды, соның бірі виртуальды шынайылық. Виртуальды шынайылық (лат. *virtus* – ақиқат) — компьютерлік техниканың негізінде кеңістіктік-уақыттық континуумды адам тілектеріне сай өзгертіп, жаңа әлемді, жаңа шындықты – қолдан жасалған құрылымды қалыптастыру нәтижесі. Виртуальды шынайылық сөздің тар мағынасында “электронды көзәйнек” киіп алғаннан кейін пайда болатын ойындық немесе техникалық қажетті жасанды шындыққа жатады. Бұл

жағдайда сана компьютер құрастырған мүмкін әлемге енеді, онда виртуалды түрде көріне, сезіне және әрекет ете алады. Сөздің кең мағынасында виртуальды шынайылық – бұл сананың кез келген өзгертілген түрлері: жүйкелік шатасу, наркотиктік немесе шараптық масаңсу, гипноздық қалып, наркоз, ұзақ уақыт тар кеңістікте қалған адамдардағы психикалық өзгерістер (түрмедегілер, су асты кемелеріндегі т.б.). Виртуальды шынайылықта ұзақ болу дереализация эффектін тудырады. Былай айтқанда адам нақтылықпен шынайылықты ажыратудан қалады. Мұндай бұқаралық технологиялар адамды абсурд әлеміне тоғытады. Ол өзін қалайда болмасын екі әлемде сезінуі қажет содан келе тұлғалық «ыдырау» пайда болады.

Жалпылай алғанда тарихқа көз жүгірте қарар болсақ әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болды, мүмкін ол заман талабының заңдылығы болар. Мысалға алар болсақ аграрлық заманға дейінгі кезеңде адамзат соқа кетпен тағы басқа құралдар ойлап табуы жаңашылдық болды, ал индустриалды кезеңде адамзат жұмысты жеңілдетер, тауар өндіретін машина техникаларды ойлап тауып оған керемет жаңашылдықпен қарағаны сөзсіз, ал ақпараттық қоғамда адамзат «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып» заманның қазіргі талабына сай жаңашылдығын күнделікті өмірге енгізді. Ал болашақта қандай жаңашылдық енгізері адамзаттың өзіне байланысты, сондықтан оғанда заман талабы деп қарайық.

1.Мудрик А.И. Информационное общества и его культура. – 2008. – 8 б.

2.Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество – М., 1999. – 38 б.

3. Гуревич А. Культурология. – 2002. – 343-349 б.

А.С. Байжуманова

ТҮЛҒАНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІ

Бүгінгі күні экологиялық мәдениеттің қалыптасу мәселесінің маңызы артуда. Бұл мәселенің аса мәнділігін әлемдік, халықаралық көлемде өтіп жатқан айтулы шаралар мен саяси, экономикалық, әлеуметтік бағдарда қабылданып жатқан құжаттар айғақтайды.

Ян Щепаньский ұрпақтан-ұрпаққа берілетін белгілі бір идеялар болатындығын және бұл идеялармен құндылықтар жүйесі байланысты

екендігін, олар өз кезегінде топтың және индивидтің іс – әрекеті мен мінез – құлқын анықтайтынын айтады. Барлық бұл жиынтықты мәдениет деп атайды.

Экологиялық мәдениеттің мемлекеттік деңгейде қалыптасуы қазіргі және келешек ұрпақтың өмір сүру ортасын қолайлы жасау негізінде мемлекеттік бағдарламамен, заңды нормалармен бағытталған, қоғамның барлық